

**Қарағанды облысы білім басқармасы Шет ауданы білім
бөлімінің «Шәкәрім атындағы жалпы білім беру мектебі» КММ
мектепшілік бақылау бойынша талдау 2023-2024 оқу жылы**

Бақылауға және жақсартуға байланысты басқарушылық міндеттерді іске асыру үшін жыл сайын әрбір мектеп "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуге міндетті құжаттардың Тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы" ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес мектепшілік бақылау жоспарын әзірлейді (бұдан ары - МІБ).

Мектепшілік бақылау жоспары 6 бағыттан тұрады:

1. Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау;
2. Оқу процесінің сапасын бақылау;
3. Оқушылардың білімдегі олқылықтарының орнын толтыру бойынша және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты бақылау;
4. Оқу-зерттеу қызметі;
5. Мұғалімнің шеберлік деңгейі мен әдістемелік дайындығының жай-күйін бақылау;
6. Тәрбие процесінің сапасын, іс-шараларды өткізуді бақылау.

Мектепшілік бақылауды жоспарлау алдында аналитикалық деректерге сүйене отырып, білім беру қызметтерінің сапасын арттыру мәселесін шешу үшін күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерді анықтау мақсатында SWOT талдауын жүргізген жөн.

Мақсаты: Білім берудің мемлекеттік саясаттын жүзеге асыру барысында орта білім берудің мемлекеттік стандарттын негізге ала отырып, жалпы педагогикалық үдерістің дамуына қолайлы әрі қолжетімді мүмкіндік жасау.

Міндеттері:

- Білім саласындағы нормативтік –құқықтық заң актілерінің жүзеге асырылуын бақылау;
- Нормативтік –құқықтық заң актілерінің орындалуындағы кемшіліктер мен орындалмау жағдайларын анықтау, оларды болдырмау және жою мақсатында іс-шаралар жүргізу;
- Заң актілдерінің орындалуындағы кемшіліктердің болу себептерін анықтау, олардың алдын- алу шараларын жүргізу;
- Педагог қызметкерлердің әрекеттерінің нәтижелер тиімділігін талдау және сараптамалық бағалау;
- Педагог қызметкерлердің әрекеттерінің нәтижелерін зерттеу, білім беру үрдісінің оң және кері тенденцияларын анықтау, осының негізінде педагогикалық тәжірибелерді таратуға ұсыныстар беру мен кемшіліктерді жою;
- Білім мекемесіндегі бұйрықтар мен нұсқаулардың, басымдықтар мен мақсатты жоспарлардың орындалу нәтижелерін талдау;
- Бақылау нәтижелерінің негізінде педагогтарға әдістемелік көмек көрсету;
- Мұғалімдердің сабақ пен сыныптан тыс іс-шаралары (үйірме, таңдау пәні, қосымша сабақтар) арасындағы бірізділікті қалыптастыру;
- Жаңа мазмұнды білім берудің әдістері мен технологияларын жетілдіру мен жаңартылған мазмұндағы тәжірибелік базаны қалыптастыру.

I. НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ЖӘНЕ ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕС МЕКТЕП ҚҰЖАТТАМАСЫНЫҢ ЖҮРГІЗІЛУІН БАҚЫЛАУ

Мектепшілік бақылауды ұйымдастыруда келесі міндеттер басшылыққа алынды

Қазақстан Республикасы Ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 «Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беу, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы талаптарын орындау.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2022 жылғы 8 қарашадағы № 500

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығы талаптарын орындау.

«Қазақстан Республикасы Ағарту Министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 «Жалпы білім беру мен курстардың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің деңгейін таңдаудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығы талаптарын орындау.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» бұйрығы талаптарын орындау.

II. ОҚУ ПРОЦЕСІНІҢ САПАСЫН БАҚЫЛАУ


Үш жылдық білім сапасын салыстырмалы білім талдау барысында 2022-2023 оқу жылында - 58% болса, 2023-2024 оқу жылында-65,12 % білім сапасы 7 % көтерілді. Мектепте әрбір оқу жылының басында өтетін педагогикалық кеңесте өткен оқу жылы қорытынды есебі тыңдалып, жаңа оқу жылына мақсат-міндеттер белгіленіп, жылдық жоспар бекітіледі.

Жоспарда жаппай мектепшілік бақылау - жаңа оқу жылына әзірлік, педагог кадрлардың жүктемесін анықтау, сыныптарды жабдықтау, оқу бөлмелерін жаңартылған талапқа сай безендіру, оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету, мектеп құжаттарын жүйелеу, ұстаздардың тақырыптық-күнтізбелік жоспарларын бекіту жұмыстары басты негізге алынады. Сондай-ақ, мектеп бойынша статистикалық және оқушылардың орналасуы жөнінде есептері қалалық білім беру бөліміне тапсырылады. Барлық мәліметтер Ұлттық деректер қорына салынады. Жаңа оқу жылындағы мектептің жұмыс циклограммасы бекітіледі. Мектептің құжаттарын тексеру, мұғалімдердің медициналық кітапшалары, мұғалімдердің жеке іс- қағаздары жинақталады. Мұғалімдер сынып журналдарымен жүйелі жүргізу нұсқаулығымен танысып, құжаттарды толтыру жауапкершілігі сынып жетекшілері мен пән мұғалімдеріне тапсырылады. Мұғалімдердің тақырыптық-күнтізбелік жоспарлары әдіс бірлестіктерінде қаралып, әкімшілікте бекітіледі, электрондық журналға күнтізбелік тақырыптық жоспарлар салынады.

Мектепте оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру, сабақтан тыс уақытын нәтижелі ұйымдастыру мақсатында факультатив, спорт секциялары, оқу жоспары бойынша жолға қойылған. Мектептің оқытылу тілі аралас. Осы уақытта мектепте 93 оқушы білім алуда. Жыл сайын мектептегі оқушылар саны азаюда. Басқа елді- мекендерге көшуіне байланысты соңғы оқу жылында мектепте оқушылар саны азайып отыр.

Шәкәрім атындағы ЖББМ бойынша білім сапасының 3 жылдық салыстырмалы көрсеткіші

Оқу жылдары	Оқу жылыныңаяғы
2021-2022	59 %
2022-2023	58%
2023-2024	65%



Әр буын бойынша 3 жылдық білім сапасы

сыныптар	Оқу жылы	Бала саны	Білім сапасы
2-4	2021-2022	52	71,5%
	2022-2023	33	69,7%
	2023-2024	22	86,36%
5-9	2021-2022	66	57,38%
	2022-2023	54	52,94%
	2023-2024	56	58,93%
10-11	2021-2022	12	25%
	2022-2023	11	45,45%
	2023-2024	8	50%
барлығы	2021-2022	130	59%
	2022-2023	98	58%
	2023-2024	86	65,12%

Қорытынды:

3 жылдық салыстырмалы талдау бойынша мектептің білім сапасы 59% -дан 65%-ке көтеріліп, 7%-ға жоғарлыды.

Мәселе:

1. жоғары бағалардың қойылуы
2. контингент бойынша бала саны азаюы

Шешу жолдары: Мектептің педагогикалық кеңесінде, ӘБ, ӘК-де пәндер бойынша білім сапасын көтеру мәселелерін қарау

Сыныптар бойынша білім сапасының 3 жылдық салыстырмалы көрсеткіші

Сынып	2021-2022	2022-2023	2023-2024
2а	100%	100%	-
2б	60%	67%	100%
3а	55%	100%	100%
3б	71%	67%	71%
4а	-	43%	100%
4б	77%	71%	80%
5а	50%	-	43%
5б	45%	77%	86%
6а	83%	50%	-
6б	75%	36%	77%
7а	100%	80%	67%
7б	20%	50%	33%
8а	75%	-	100%
8б	28%	20%	33%
9а	66%	67%	-
9б	80%	33%	20%
10б	40%	10а 50%	10б 33%
11б	14%	40%	11а 60%

Қорытынды: сыныптар бойынша талдау нәтижесінде 5б сыныпта 2023-2024 о.ж. 15 %-ға, білім сапасы көтеріліп тұр. 7а сыныпта 2023-2024 о.ж. 17 %-ға, білім сапасы көтеріліп тұр. 8а сынып 2021-2022 о.ж. мен 2022-2023 о.ж. салыстырған кезде 3%-ға кеміді ал 2023-2024 о.ж. 20%-ға өсті. 8б сыныпта 2021-2022 о.ж. қарағанда 42 %-ға, білім сапасы түсіп отыр.

Мәселе :

1.56,7а, 8а сыныптардаң жақсы оқитын оқушылардың көшуіне байланысты. 2. Контингент бойынша бала саны азаюы

3. педагогтердің кәсіби біліктіліктерінің төмен болу

Шешу жолдары:

Педагогикалық консилиумдар өткізу; Жекелеген оқушылармен түзету жұмыстарын ұйымдастыру;

Психологтардың сүйемелдеуі мен қолдауы

Әдістемелік тәсілдерді жетілдіру арқылы, білім беру сапасын арттыру бойынша педагогтерге оқу семинарларын, коучингтер мен тренингтер ұйымдастырып өткізу

Жоғарғы буын бойынша пәндердің білім сапасының 3 жылдық салыстырмалы көрсеткіші

Пән	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Қазақ тілі	77,42	75	73
Орыс тілі	74,19	65	68
Қазақ әдебиеті	80,65	75	77
Математика	69,23	50	43
Алгебра	72,22	70	80
Геометрия	66,67	64,29	73
Жаратылыстану	69,23	66,67	43
Дүние жүзі тарихы	77,42	70	68
Қазақстан тарихы	80,65	70	68
Информатика	83,87	80	80
Ағылшын тілі	77,42	70	70
Физика	72,22	64,29	80
Биология	83,33	78,57	80
География	77,73	71,43	80
Химия	83,33	78,57	80
Құқық негіздері	75	66,69	80
Алгебра және анализ бастамалары		50	60

Пән	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Казахский язык и литература	77,55	65,91	66,67
Русский язык	65,31	70,45	66,67
Русская литература	79,59	77,27	64,29
Математика	41,67	53,33	80
Алгебра	41,18	41,18	31,58
Геометрия	37,24	37,93	31,82
Естествознание	58,33	53,33	80
Физика	41,67	48,28	45,45
Биология	75,68	82,76	50
География	62,07	67,46	36,36
Химия	78,13	79,31	41,
Всемирная История	58,54	59,09	61,9
История Казахстана	59,18	59,09	61,9
Информатика	93,88	97,73	71,43
Английский	87,5	61,36	57,14
Алгебра и начала анализа	38,46	41,67	33,33

Основа право	87,05	70,59	87,5
--------------	-------	-------	------

Қорытынды:

Пәндер бойынша білім сапасы орыс, қазақ сыныптарда төмендеген екен анықталды.

Мәселе:

1. Контингент бойынша бала саны азаюы, қалаға көшу (оның ішінде үздік оқушылар көшуі)
2. оқушыларда мотивацияның жоғалуы, тәртібі мен оқуға қарым-қатынасындағы өзгерістердің туындауы
3. Теория мен тәжірибенің әлсіз байланыста болу

Шешу жолдары:

- 1.Сабақтарға өзара қатысу, сабақ жоспарларын бірлесіп әзірлеу, пән аралық байланыс орнату.
- 2.Функционалдық сауаттылықты арттыруға бағытталған тапсырмалар базасын қалыптастыру.

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2022-2023
Жалпы оқушылар саны	130	98	93
Үздіктер саны	30	21	22
Екпінділер саны	35	34	34
Орташалар саны	46	40	30

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылының жыл қорытындысында үздіктер мен екпінділердің санының азболуы 1 сынып оқушыларының бағаланбай қалуы

Үздік аттестатқа үміткерлер

2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы	
үміткер	ақтағаны	үміткер	ақтағаны	үміткер	ақтағаны
3	3	0	0	1	1

Бұл кестелерден сыныптар бойынша оқушылардың саны азайған сайын білім сапасының да төмендеп отырғанын байқаймыз. Сонда мектептегі жақсы,үздік оқушылар басқа елді мекенге мектептерге кетіп, басқа мектептен нашар оқушылар келе ме?-деген сұрақ туындайды. Мектеп ұжымының біліктілік санаттарымен салыстырғанда, білім сапасының төмендеуі себебі жақсы оқушылар басқа елді мекенге көшуіне байланысты және пән мұғалімдерінің сапалық құрамын күшейту.

III. БІЛІМДЕГІ ОЛҚЫЛЫҚТАРДЫ ТОЛТЫҚТЫРУ ЖӘНЕ ТӨМЕН КӨРСЕТКІШТЕР БОЙЫНША ЖҰМЫСТАРДЫ БАҚЫЛАУ

- ✓ ӘБ бойынша бірлескен жоспарлаулар мен оқушылардағы білім сапасының төмендеу себептерін анықтау.

- ✓ Білім алушылардың білім сапасы төмендеу себебін анықтау мақсатында ҚМЖ-на басымдық беріп, оқу мақсатына жету үшін әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану
- ✓ Оқушылардың білім, білік дағдыларын дамытуға бағытталған тиімді кері байланыс беру тәсілін таңдау және оқу тапсырмаларын орындауын тексеру талаптарын әзірлеу.
- ✓ Жеке қолдау көрсету үшін білім алушылардың қажеттіліктерін анықтау
- ✓ Білім сапасының төмендеу себептері елемей қауіпі (сабақтардан қалу, отбасындағы қолайсыз жағдайлар, әлсіз денсаулық, сынып ұжымына бейімделудегі кедергілерді анықтау
- ✓ қосымша сабақтарды және өзара көмек беруді ұйымдастыру және білім алушыға қолдау көрсету бойынша ата-аналармен жұмыс жүргізу.
- ✓ Қосымша сабақ ұйымдастыру
- ✓ Сабақтан көп қалуына байланысты, оқушыларда білім сапасының түсуі

Қорытынды:

Пәндер бойынша білім сапасы орыс, қазақ сыныптарда төмендеген екен анықталды.

Мәселе:

1. Контингент бойынша бала саны азаюы, қалаға көшу (оның ішінде үздік оқушылар көшуі)
2. оқушыларда мотивацияның жоғалуы, тәртібі мен оқуға қарым-қатынасындағы өзгерістердің туындауы
3. Теория мен тәжірибенің әлсіз байланыста болу

Шешу жолдары:

1. Сабақтарға өзара қатысу, сабақ жоспарларын бірлесіп әзірлеу, пән аралық байланыс орнату.
2. Функционалдық сауаттылықты арттыруға бағытталған тапсырмалар базасын қалыптастыру.

IV. ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ

олимпиада	2021-2022	2022-2023	2023-2024
аудандық	5	0	4
облыстық	1	2	0
республикалық	0	1	0

Ғылыми жоба	2021-2022	2022-2023	2023-2024
аудандық	1	0	2
облыстық	1	0	0
республикалық	0	0	0

оқулар	2021-2022	2022-2023	2023-2024
аудандық	2	2	4
облыстық	0	2	1
республикалық	0	0	0

Қорытынды: Зерттеу ғылыми жұмыстарға тартылуы төмен

Мәселе: Дарынды оқушылармен жұмыстың төмендігі

1. Педагогтің оқушылармен ғылыми-зерттеу жұмыстарын әлсіз жүргізуі
2. Білім алушыларда зерттеуші ретінде жұмыс істеу дағдысының болмауы

Шешу жолдары: оқушымен жоба бойынша жұмыс жоспарын құру, зерттеу күнделігін жүргізуді бақылау; Ғылым күндерін, зерттеу қызметінің із. онкүндігін өткізу

**V. МҰҒАЛІМНІҢ ШЕБЕРЛІК ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК ДАЙЫНДЫҚ
ЖАҒДАЙЫНЫҢ ДЕНГЕЙІН БАҚЫЛАУ**

жылдар	Мұғалімдер Саны									
		модератор	сарапшы	Зерттеуші	8жылға дейін	20 жылға дейін	20 жылдан асқан	20-30	30-40	40-60
2021-2022	32	4	7	0	8	9	9	13	11	8
2022-2023	32	4	7	0	8	9	9	9	13	10
2023-2024	26	4	7	0	9	8	9	5	10	11

Қорытынды: Педагогтардың сапалық құрамы төмен

Мәселе:

- 1) Модераторлардың саны 4
- 2) Еңбек өтілі бойынша 8-жылға дейінгі 9 педагогтың болуы
- 3) Жас мамандар үлесінің көптігі

Шешу жолдары:

Мұғалімнің кәсіби өсуі үшін түрлі бірлестіктердің жұмысын ұйымдастыру
Біліктілікті арттыру курстарына жіберу.